



СӘЛЕМ!




Біз сенімен танысуға және достасуға асықпыз!

Біз саған өзіміздің әдеттеріміз, не істей алатынымыз, бізді қуантатын немесе мұңайтатын әрекеттер, бізге ұнайтын, болмаса ұнамайтын қылықтар туралы айтамыз. Сенің бізге қамқорлық жасайтыныға сенеміз және біз саған сенімді дос боламыз.

АЛ ЕНДІ БІЗГЕ ӨЗІҢ ТУРАЛЫ АЙТ

Өзіңнің үй жануарыңмен фотосуретке түс немесе суретін сал. Егер сенде әлі үй жануары болмаса, оған қамқорлық жасау үшін асырап алғың келетін үй жануарының суретін сал.



БІЗГЕ БІРГЕ БОЛҒАН ЖАҚСЫ



ОСЫ ТАРАУДЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ АРҚЫЛЫ СЕНІҢ БІЛЕТІНІҢ

- Адамдар неге үй жануарларын асырайды?
- Қандай үй жануарларын білесің?
- Үй жануарлары адамға қалай көмектеседі?
- Асыранды жануарды таңдағанда неге жауапкершілікпен қарау керек?

СӨЗДІК

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ — адамдар өздеріне паналататын, адамдармен бірге тіршілік ететін хайуанаттар.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖАНУАРЛАРЫ — адамдар азық-түлік (сүт, ет, жұмыртқа) және киім жасайтын шикізат (жүн, мамық, тері) үшін асырайтын үй жануарлары.

СЕРІК-ЖАНУАРЛАР НЕМЕСЕ АСЫРАНДЫЛАР ДЕГЕНІМІЗ — адамдар қамқор болатын, адамдармен бірге өмір сүретін үй жануарлары.



БҰЛ ТАРАУДА ӨЗІҢДІ КӨБІРЕК ҚЫЗЫҚТЫРҒАН ТҰСТАРДЫҢ СУРЕТІН
САЛ НЕМЕСЕ ЖАЗ

ЖАБАЙЫ ЖӘНЕ ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ



Ертеде барлық жануарлар жабайы болыпты. Олар орманда, тауларда, дала мен шөлдерде өмір сүріпті. Адамдар кейбір жануарларды 12 мың жыл бұрын қолға үйрете бастаған. Қазір үй жануарлары — адамның сенімді көмекшісі. Көне, жабайы аңдар мен үй жануарларының айырмашылығын ажыратып көрейік.



Суретке қара, қай жануар үй жануарына жатады? Қайсысы жабайы? Неліктен бұлай ойлайсың?





Ненің қайда өмір сүретінін білесің бе? Бұл хайуанаттардың «үйлері» қалай аталады? Оларды кім салады?



Олар немен қоректенеді? Суреттерді біріктірің. Хайуанаттар тамағын қалай табады?



ҚАНДАЙ ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ БОЛАДЫ?



Үй жануарларын адам азық (сүт, жұмыртқа, жүн, бал) алу үшін не жүк тасу, көлік ретінде пайдалану үшін асырайды. Ал кейбіреулерін адам қарым-қатынас үшін бағады. Оларды асыранды немесе серік-жануарлар деп атайды.



Бұл жануарлардың қайсысы ауылшаруашылығына, қайсысы асырандыға жатады? Сен неге бұлай ойлайсың?



АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖАНУАРЛАРЫ — АДАМҒА КӨМЕКШІ



Ауылшаруашылық жануарларын ата? Олардың қайсысы Қазақстанда өсіріледі? Олардың төлдері қалай аталады? Мұнда қай жануар артық?





Мяу, қарашы, мына жануар күніне саған қанша сүт бере алады?



10 литр немесе
50 стақан



5 литр немесе
25 стақан



4 литр немесе
20 стақан



**Саған мына өнімдердің қайсысы ұнайды? Ауылша-
руашылық жануарларының сүтінен тағы қандай та-
мақ, өнім жасайды? Сен қазақ халқының қандай
дәстүрлі сүт тағамдарын білесің?**

Ірімшік



Йогурт



Май



Сүзбе



Қаймақ





Қызық, жұмыртқаны не табады?



БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ

- Түйеқұстың жұмыртқасы 2 кг-дай болуы мүмкін. Ол тауықтың жұмыртқасынан 36 есе үлкен!



Мына ауылшаруашылық жануарлары адамға жүн береді. Жүннен қанша қолайлы әрі пайдалы зат тоқуға болады? Сенің үйіңде жүннен тоқылған қандай зат бар?



6 ×



15 ×




БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ

- Ат жарысы — қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Онсыз ешқандай мереке өткізілмейді. Бұл — тек ермек емес, ептілікке, батылдыққа үйретеді.

АСЫРАНДЫ ХАЙУАНАТТАР — ЖАҚСЫ ДОС, СЕНІМДІ СЕРІК



Адамдар неге жануарларды асырайды? Суретті пайдаланып сұраққа жауап бер.



БІЗГЕ СЕНІҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫҢ КЕРЕК!




Үйде хайуанат асырау тек қана қуаныш үшін емес, үлкен жауапкершілік. Қара, суретші қандай мұңды сурет салған. Оған тақырып қой. Суретті пайдаланып, әңгіме жаз.



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Үй жануарлары адамның қамқорлығын қажет етеді. Жануар асырамас бұрын мына сұраққа жауап бер, сен оны баға аласың ба? Есіңе сақта: хайуанатты ермек үшін емес, қуаныш пен жылы қарым-қатынас үшін асырау керек.

БІЗ АДАМДАРДЫҢ ҮЙІНДЕ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫҚ?



ОСЫ ТАРАУДЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНСЕҢ, СЕН БІЛЕТІН БОЛАСЫҢ ...

- Мысық пен иттің жабайы тұқымдастары.
- Адам бізді қалай қолға үйретті?
- Мысықтар мен иттердің қандай тұқымы болады?
- Адам үй жануары мен жабайы аңдарға неліктен қамқорлық жасауы керек?

СӨЗДІК

ТҰҚЫМ — жалпы шығу тегі мен белгілі бір қасиеттері ортақ үй жануарларының тобы.

МЫСЫҚ ТҰҚЫМДАСТАР — жыртқыш сүтқоректілер тобы. Азығын жасырынып немесе аңдып жүріп табады.

ИТТҰҚЫМДАСТАР — жыртқыш сүтқоректілер тобы. Азығын іздеп жүріп табады.

ҚЫЗЫЛ КІТАП — жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлар тізімін тіркейтін құжат.

ЕРІКТІ — ешқандай жалақысыз өзгелер үшін пайдалы, қажетті жұмысты істейтін адам.



БҰЛ ТАРАУДА ӨЗІҢДІ КӨБІРЕК НЕ ҚЫЗЫҚТЫРҒАНЫН
ЖАЗ НЕМЕСЕ СУРЕТІН САЛ

ИТ ПЕН МЫСЫҚТҰҚЫМДАСТАРМЕН ТАНЫСАЙЫҚ

Біздер, мысықтар, үлкен әрі күшті хайуанаттар — арыстан, жолбарыс, қабыландардың тұқымдасы екенімізді білесің бе? Иә-иә, сонымен қатар біздің үлкен семья — мысықтұқымдастар деп аталады. Біздің ұқсастығымыз көп — біз керемет аңшымыз, қараңғыда жақсы көреміз, өте жақсы естиміз! Біздің көбіміз мияулай аламыз, тіпті «Р-р-р-р-р-р» деп ырылдаймыз!



Міне, менің тұқымдастарымның фотосуреттері бар альбомым. Мұнда қандай фотосурет қателесіп кіріп кеткен?



арыстан



жолбарыс



сабаншы



қасқыр



қар барысы



сілеусін

Менің тұқымдасымның қайсысын Қазақстанда кездестіруге болатынын анықта. Анықтамалық ресурстарды пайдалан.



Гав! Ал қазір мен саған біздің иттәрізділер туралы айтамын. Біз бүкіл әлемде өмір сүреміз. Біз барлығымыз — өте ақылды хайуанбыз. Біз иісті жақсы сеземіз және өте жақсы естиміз. Біздің көбіміздің ұзын аяқтарымыз және үлпілдек құйрығымыз бар. Біз бәріміз — керемет аңшымыз.



Менің фотоальбомымды көр. Міне, мұнда да бір фотосурет артық, ол қайсысы?



ақ түлкі



шиебөрі



енот тәрізді ит



қасқыр



ягуар



түлкі

Менің тұқымдасымның қайсысы Қазақстанда тіршілік етеді? Анықтамалықтың көмегімен түсіндір.

МЫНАУ ҚЫЗЫҚТЫ

- Ежелгі заманнан бері қазақтарда қасқыр халықтың маңызды қасиеттері — батылдық пен ерлікті бейнелейтін қасиетті жануар болып саналғанын білесің бе?

АДАМ ПЛАНЕТАҒА ЖАУАПТЫ?



Мынау не, сен білесің бе? Бұл — Қызыл кітап! Онда жойылып бара жатқан хайуанаттар туралы жазылған. Өкінішке орай, онда біздің тұқымдастарымыз да бар.



Қазақстанда мекендейтін ерекше қорғауды қажет ететін тұқымдастарымызды анықта. Олардың фотосуреттерін Қызыл кітап беттерімен сәйкестендір.





Жер бетіндегі барлық тіршілік иесіне аса қамқор болу маңызды екендігі туралы оқиға ойла. Осы оқиға туралы жаз немесе суретін сал.



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Жер бетінде 9 миллионнан астам өсімдік түрлері мен жануарлар бар. Олардың бәрі өзара және адаммен тығыз байланысты. Біз, адамдар, табиғаттың бөлшегіміз. Біз табиғатты сақтауға жауаптымыз және барлық тіршілік иелеріне қамқор болуымыз керек!

АДАМ БІЗДІ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТТІ

Алғаш үй мысықтары қалай пайда болғанын білесің бе? Біздің арғы аталарымыз Африкадан шыққан. Онда оларды «мау» деп атаған. Неге, тауып көрші? Біз жабайы африкалық мысықтан шыққанбыз.



Суретті қара да сұраққа жауап бер: неліктен адамдар бізбен дос болғысы, үйреткісі келді?



Менің арғы атам — қасқыр. Олар адамға жақын жерде өмір сүрген. Ең әуестері үйлерге жақын келді. Мұнда тамақ қалдықтарын жеуге болады. Көп ұзамай адам біздің керемет көмекші бола алатынымызды түсінді.



Суретті қара да, әңгімеле, біз сенің арғы аталарыңа қалай көмектестік?





Мяу, кәне, оқиық! Менің сүйікті кітабымның бірін ағылшын жазушысы Редьярд Киплинг жазған. Ол «Өз-өзімен қыдырған мысық» деп аталады.



Кітапта қандай хайуанаттар туралы айтылған? Үйге үйретілген хайуанаттарды фотосуреттегі нөмірлері бойынша орналастыр.



Гав-гав! Кітапта нені адам бірінші досым деді, қалай ойлайсың? Адамның қолына не алғаш рет пайда болды? Кітап бойынша иллюстрация сал.

БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ

- Үй иттері қасқырлардан шамамен 1 миллион жыл бұрын пайда болған.
- Ежелгі Мысырда мысықтар үй жануары болып есептелген.

ОСЫНДАЙ ӘРТҮРЛІ ИТТЕР, ОСЫНДАЙ ӘРТҮРЛІ МЫСЫҚТАР



Қазіргі күнде 90-нан астам мысықтұқымдастар бар екенін сен білесің бе? Адамдар белгілі ерекшеліктеріне қарап, қажетті тұқым алу үшін мысықтарды әдейі таңдаған.



Түрлі тұқымды мысықтарды орнына орналастыр. Сен қалай ойлайсың, қандай тұқымды мысық сенің отбасыңа ұнар еді?



парсы



британ



мейн-кун



сиам



сібір



БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ

- 1871 жылы Лондонда бірінші рет мысықтар көрмесі өтті.
- Бүгінде әлемде көптеген қызықты мысықтар көрмесі ұйымдастырылады. Жеңімпаздар түрлі-түсті таспалардан гүлөрнектер кубок, диплом алады.



Мұнда өзіңе ерекше ұнайтын мысық тұқымының фотосуретін жапсыр немесе суретін сал. Осы тұқымдастар туралы мәлімет жина. Ата-анаңнан мысықтың қай түрі ұнайтынын сұрап көр.

Сен өзіңді мысықтар көрмесін ұйымдастырушы ретінде елестет. Оны қалай атар едің? Мысықтардың қай қасиетін марапаттар едің? Бұл қандай марапат болуы мүмкін?





Әлемде бүгін 400-ден астам иттің түрі бар. Олардың барлығы 3 үлкен топқа бөлінеді: қызметтік (бақташы, жегетін, қарауыл, ізшіл), аңшылық және сәндік.



Мына иттерді қай топқа жатқызар едің, қалай ойлайсың?



ротвейлер



алабай



неміс
овчаркасы



сеттер



орыс жүйрігі



спаниэль



такса



чихуахуа



шпиц



Қазақстанда иттерден тазы мен көк төбет сияқты тұқымдастары өсіріліп шығарылған. Осы тұқымдастар туралы мәлімет жина: олардың мінезі, ерекшелігі, олар адамға қалай көмектеседі.

АСЫРАНДЫ ХАЙУАНАТТЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУҒА БОЛАДЫ?

Хайуанатты таңдау — өте жауапты іс. Түрлі тұқымдағы иттер мен мысықтарға қандай жағдай жасау керектігі маңызды екенін білу керек.



Қаладағы шағын пәтерде тұратын Айдардың отбасына тұқымы қандай ит асыраған жөн, ал қала сыртындағы өз үйінде тұратын Гуляның отбасына қандайы дұрыс?



такса



кавказ овчаркасы



сенбернар



француз бульдогы



Кузнецов отбасындағы ересектер де, балалар да үйіне кешкі сағат 5-тен кейін келеді: әке-шешесі — жұмыстан, Петя — мектептен. Ал Витяны балабақшадан әкеледі. Оларға ит пен мысықтың қайсысын асыраған дұрыс? Қандай тұқымын?



Ал біз екеуіміз қарапайымбыз. Сонда қалай, біз жаманбыз ба? Әрине, жоқ! Үй хайуанаттарының көбі қарапайым. Бірақ біз басқа мысықтар мен иттер секілді әдемі, ақылды, адалмыз. Біз де көп нәрсені үйрене аламыз және адамға сенімді көмекші боламыз.

ҮЙСІЗ ХАЙУАНАТТАР



Суретті қара. Мұнда не болып жатыр? Осы хайуанаттар туралы әңгіме құрастыр, бірақ ол оқиғаның соңы сәтті аяқталуы керек.



Қазір елімізде үйсіз иттер мен мысықтарға арналған арнайы баспаналар ұйымдастырылған. Онда хайуанаттарды бағып-қағады және, әрине, олар үшін жаңа қожайындар іздейді. Мұндай баспанадан ерікті адамдарды жиі кездестіруге болады, олар үйсіз жануарларға ешқандай марапатсыз көмектесуге әзір.



Фотосуреттердің көмегімен еріктілердің үйсіз хайуанаттарға қалай көмектесетіні туралы әңгімеле.





Сен көшеден құлағында әшекейі бар панасыз итті көрдің бе? Бұл Ч арнайы сырға. Ол иттің ең қауіпті ауруға қарсы екпе алғанын білдіреді, яғни олар айналасына еш қауіп төндірмейді.




Жануарларды жақсы көретін адамдар үйсіз хайуанаттарға қалай көмектесер еді? Өз ойыңның суретін сал.



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Адамдар тек өзінің асыранды досына ғана емес, панасыз хайуанаттарға да қамқор болуы қажет. Біздің әрқайсысымыз үйсіздерге арналған панажайдың жұмысына көмектесіп немесе ит пен мысықты қайырымды жандарға табыстауға қолғабыс жасауымыз керек.

БІЗГЕ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН, ҚАЛАЙ КҮТІМ ЖАСАУ ҚАЖЕТ?



СЕН БҰЛ ТАРАУДАН МЫНАНЫ БІЛЕСІҢ

- Біздің дене бітіміміз қандай?
- Біз айналаны қалай қабылдаймыз?
- Біздің ұқсастықтарымыз бен айырмашылықтарымыз неде?
- Жақсы көңіл күй болу үшін бізге не істеу керек?
- Бізге қандай қамқорлық жасау қажет?
- Үйі жоқ жануарларға қалай көмектескен жөн?

СӨЗДІК

АҒЗА — тірі дене.

СЕЗІМ МҮШЕЛЕРІ — сыртқы дүниенің ақпараттарын қабылдайтын ағзаның құрылымы.

РАЦИОН — белгілі бір уақытқа есептелген тағамның құрамы мен мөлшері.



**БҰЛ ТАРАУДА ӨЗІҢДІ КӨБІРЕК НЕ ҚЫЗЫҚТЫРҒАНЫН ЖАЗ
НЕМЕСЕ СУРЕТІН САЛ**

ТӨРТ АЯҚ, ҚҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ОЛАРДАН БАСҚА



Айнадағы өз бейнеңе мұқият қара да, өзіңнің денең мен біздің денеміздің ұқсастығын тап. Біздің қандай ұқсастығымыз бар? Ал қай жеріміз өзгеше?



Ұқсастық	Айырмашылық



Біздің құйрығымыз әсемдік қана емес! Ол бізге жүгіруге, секіруге көмектеседі.



Сен қалай ойлайсың, бізге жүн не үшін керек?
Біздің жүніміз жазда неге түлейді?



42 тіс



30 тіс



???

Біздің тісіміз нешеу екенін енді сен білесің! Сенде неше тіс бар?

Біздің тұмсығымызда мұртымыз бар. Ол бізге кеңістікте бағдарлануға көмектеседі. Ал адамға мұрт неге керек?



БІЗ ӘЛЕМДІ ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАЙМЫЗ?



Суретке қара. Адамдар мен жануарлар ненің көмегімен көреді, естиді, иісті ажыратады?



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Көз, құлақ, мұрын, тері, тіл — сыртқы әлемнен ақпарат алуға жәрдемдесетін сезім мүшелері.



БІЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІМІЗ

Сенікі секілді біздің де өз күн тәртібіміз бар.
Кел, оны салыстырайық.



Сенің күн тәртібің

Таңертең

Күндіз

Кеш

Таңертең
Серуендеу —
7.00–8.00
Таңертеңгі ас —
8.00–8.30
Демалу, ойнау —
8.30–12.00

Күндіз
Ұйқы —
12.00–14.00
Серуендеу —
14.00–14.30

Кеш
Кешкі ас —
18.00–18.30
Серуендеу —
18.30–19.30
Ұйқы —
21.00



Бұл ненің күн тәртібі?



Сен мұнда ненің режимін көріп отырсың?

Таңертең
Таңертеңгі ас —
7.00–7.30
Жуыну —
7.30–8.00
Ұйқы —
8.00–10.00
Ойын — 10.00–11.00
Ұйқы —
11.00–12.00

Күндіз
Жуыну —
12.00–12.30
Ойын, демалу —
12.30–15.00

Кеш
Кешкі иас —
18.00–18.30
Жуыну, демалу —
18.30–21.00
Ойын —
21.00–22.00
Ұйқы —
22.00





Асыранды жануарлардың күн тәртібінде сенікіне қарағанда айырмашылық бар ма, салыстыр.

- Сен күніне қанша рет тамақтанасың? Ал ит пен мысықты неше рет тамақтандыру керек?
- Күніне қанша уақыт серуендейсің? Жақсы қожайын итімен күніне неше рет серуендеуі қажет?
- Сен неше сағат ұйықтайсың? Ал иттер мен мысықтар неше сағат ұйықтайды?

БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ

- Ғалымдардың болжамынша, адамдар секілді ит пен мысық та түс көреді екен.
- Қожайындары дұрыс күн тәртібіне үйретсе, ит пен мысықтар, нақты «күн тәртібі» жоқ жануарларға қарағанда тыныш болады.

Сенің ең қызықты фотосуретіңнің орны

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП — ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ЖАҚСЫ КӨҢІЛ-КҮЙДІҢ КЕПІЛІ



Үйде біздің әрқайсымыздың ешкім кедергі жасамайтын, демалатын өз орнымыз болуы керек.



Біздің үйшігіміз үшін пәтеріңнен ең лайықты орынды таңда.



Сен секілді біз де гигиена ережелерін сақтауымыз қажет. Біздің әдемілігіміздің «құпиясы» туралы айт.





Шаш үлгісі қамқорлықты қалайды. Біздің әдемі болуымызға не көмектесетіні туралы айт.



Сенде тырнақ, бізде тұяқ бар. Бірақ оны қалай күту керек?



БІЗ ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНАМЫЗ?

Сен үйде қайда тамақтанасың? Ас үйдегі үстелде ме? Бізде де тамақ ішетін орнымыз болуы тиіс. Біздің «асханамызды» ас үйдің бір бұрышына орналастырған дұрыс, сонда біз ешкімге кедергі жасамаймыз, әрі ешкім көңілімізді бөлмейтін болады.



Біздің тағамымызда ақуыз, май, көмірсулар, дәрумендер және пайдалы заттар болу керек. Сен жейтін кейбір тағамдар бізге ұнауы мүмкін, бірақ бізге беруге болмайды, ол жеуге жарамайды.



Өз жануарыңды құрамында барлық қажет компоненттері бар арнайы азықпен тамақтандырған жөн. Азықтар құрғақ немесе ылғалды, дәні мен құрамы бір-бірінен өзгеше болуы мүмкін.

Раяна



Санжар



Айша



Медина



Осы балалардың қайсысына барғаным дұрыс?

Сенікі сияқты бізге де арнайы ыдыс керек: тамағымызға және суға. Оларды таза ұстау қажет. Мұны ешқашан ұмытпа!




**Мына иттерді тамақтандыр.
Олардың ыдыстарын орнына дұрыстап қой.**



Хайуанатты тамақтандырған кезде оның жасы мен өзіндік ерекшелігін ескеру керек! Адам секілді, біздер де аса тоюға немесе тоймай қалуымызға болмайды.

СЕРУЕНДЕУГЕ ШЫҒАЙЫҚ

Біздер, иттер, серуенді өте жақсы көреміз. Қожайынымыз күн сайын 2–3 рет серуендеуге шығаруы тиіс. Бізге серуендейтін, кіруімізге болатын орындарды жасыл түспен белгіле.



БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ

Қазір кейбір компанияларда үй хайуанаттарына арналған Ашық есік күндерін өткізу дәстүрге айналды. Бұл күні қожайынымыз өз итімен бірге жұмысқа келуіне болады. Бұл жануардың арқасында адам онымен бірге көбірек уақыт бөлуіне мүмкіндік туады.



Көшеде біз тек қана серуендемейміз, дәретке де барамыз. Көшені былғамау үшін қожайынымыз біздің артымызды жинауы тиіс.



Тұмалдырықсыз және қарғыбаусыз біз тек арнайы серуендеу алаңында қожайынымызбен бірге бола аламыз.

Біздің қарғыбауымызда көбінесе арнайы жетон бар. Сен қалай ойлайсың, бұл не үшін?



Ал біз, мысықтар, серуенсіз де жүре аламыз. Дәретке бару үшін арнайы ыдыс керек. Оның тазалығын қадағалауды ұмытпа!



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Адамдар үй хайуанаттарының көшеде, үйде өмір сүруіне ыңғайлы, жайлы жағдай жасауға міндетті.

ХАЙУАНАТТАР МЕКТЕБІ: ХАЙУАНАТТАРДЫ ҚАЛАЙ ДҰРЫС ТӘРБИЕЛЕУ КЕРЕК?



БҰЛ ТАРАУДЫ ОҚЫП ҮЙРЕНСЕҢ, СЕН МЫНАНЫ БІЛЕСІҢ

- Хайуанаттар адаммен, бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайды?
- Ит пен мысықтардың мінез-құлқы мен сыртқы кейпі нені білдіреді?
- Жануарлардың «тілін» түсіну неліктен маңызды?
- Бейтаныс ит пен мысыққа жолығып қалғанда, өзіңді қалай ұстау керек?

СӨЗДІК

ТІЛ — сөз, ым-ишара, дене кейпі, дыбыс, иістің көмегімен ақпарат беру тәсілі.

КЕЙІП — адам не жануардың денесі, басы, аяқтарының тұрысы.

ДРЕССИРОВКА — жануардың мінез-құлқын басқару үшін. дағдыландыру.

КИНОЛОГ — иттерді үйрететін маман.

ФЕЛИНОЛОГ — мысықтардың өзіндік ерекшеліктерін зерттейтін маман.



БҰЛ ТАРАУДА ӨЗІҢДІ КӨБІРЕК НЕ ҚЫЗЫҚТЫРҒАНЫН ЖАЗ НЕМЕСЕ
СУРЕТІН САЛ

АСЫРАНДЫ ЖАНУАРДЫ ҚАЛАЙ ҰҒУҒА БОЛАДЫ?



Біз , жануарлар , қарым-қатынассыз өмір сүре алмаймыз. Бізге бір-бірімізбен, сондай-ақ ең жақсы досымыз сенімен қарым-қатынас жасауымыз керек! Бірақ біз қалай ақпарат алмасамыз?



Адам тіл арқылы қарым-қатынас жасайды. Сен қалай ойлайсың, адамдар неге шет тілін үйренеді?

Сәлем

Здравствуй

Hello

Bonjour



Жануарларда қандай да бір «тіл» бар ма, оны түсінуді үйренуге бола ма? Не үшін екенін түсіндір.



Тобик, мен сені түсінбеймін



Ав-ав, менің соңымнан жүгір



Мяу, маған ыдыстағы суды ауыстыр


Пушок, саған не керек?



Біздің достығымыз нығаюы үшін, саған иттер мен мысықтың тілі туралы сабақты ұсынамыз. Иттерде 4 негізгі дыбыс болады: **ұлу, ыр-сылдау, үру, ырылдау.**



Ал мысықтар **15 түрлі дыбыс шығарады.**



Мысықтардың тілін «аударайық». Бұл дыбыстар арқылы мысықтар не істегісі келеді?

ашық жай
пырылдау

қатты мияулау

ысылдау



қорқытқысы келіп
қарсылығын білдіру

мысық тез арада өзіне на-
зар аударуды қажет етеді

мысықтың көңіл күйі
жақсы, еркелеткенді қалайды

БҰЛ ҚЫЗЫҚ

- Мысықтар басқа мысықтарға сирек мияулайды, көбінесе — адамдарға.
- Ал иттердің бесенджи тұқымдасы үруді білмейді. Ол ашуланғанда ырылға ұқсас ерекше дыбыс шығарады.

Саған ерекше қызық болған оқиғаға арналған орын



Сыртқы кейпіміздің көмегімен біз қалай сөйлесеміз? Көтерілген не салбыраған құйрық, тік немесе жымырылған құлақ, жүніміздің тікіреюі — айналадағыларға көптеген сигналдар береді.



Суретке қара. Жануарлардың кейпі нені білдіреді?



«Қызық, қызық,
бұл не?»



«Қане, маған шабуыл
жасап көр!»



«Ой-ой, мен сенен
қорқамын!»



«Мен ең әдемі, ең
ақылдымын!»

Иіс бізге, жануарларға, бір-бірімізді тануға, өз аумағымыздың шекарасынан өтпеуге, қауіп туралы хабарлауға, тамақ табуға, жаулардан қорғануға көмектеседі.



Суретке қара. Мына іздер арқылы ит пен қожайыны нені түсінді, сол туралы қысқаша әңгіме құра.



БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ

- Мысықтар адамға басын тек еркелеу үшін үйкелемейді, сонымен бірге өзінің иісін сездіргісі келеді екен.
- Ит иістің көмегімен өзінен ондаған шақырым алыстағы үйін тауып келеді.

Сен үшін ең қызықты фотосуреттің орны

ХАЙУАНАТТАР ҚАЛАЙ ҮЙРЕНЕДІ?



Жаңа нәрсені білу үшін мектепке бару керек, кітап оқу қажет, ересектерден сұраған жөн. Ал хайуанаттар қалай үйренеді? Мүмкін, былай? Бірақ күшіктер мен марғаулар қыз балаға неге түсініксіз кейіпте қарайды немесе мұңаяды?



Әрине, біз сыныпта отырмаймыз. Бүлдіршіндерді алдымен ата-анасы үйретеді. Ал күшіктер мен марғауларды өскен соң қожайындары үйрете бастайды.





Тәрбиеленген хайуанат нені міндетті түрде білуі керек? Мысық пен иттерге арналған ортақ ережелерді қарындашпен боя. Боялмаған ережелердің қайсысы иттерге, қайсысы мысықтарға қатысты екенін сызықпен көрсет.

Өзінің атын білу

«Орныға бар!» командасын орындау

Режимді сақтау,
түнде мазаламау

Белгіленген орынға
тұяқтарын егеу

«Болмайды!»
командасын орындау

Қарғыбаумен қыдыру

Автомобильде отырған
кезде тыныштық сақтау

Үстелден тамақ
сұрамау

Пердеге өрмелемеу




Команда бойынша отыру,
жату, тұру

Сыртқа немесе арнайы
орынға дәретке бару



Қалай ойлайсың, үш ереженің (команданың) қайсысына күшікті ең алдымен үйрету керек, ал мысықтарға ше? Оларды жұлдызшамен белгіле.



Қалай жақсы тәрбиеші болуға болады? Ол үшін маңызды ережені сақтау қажет.

- ! Бізге қарапайым әрекеттерді үйретуден баста. Ал одан кейін күрделірек тапсырмаларға көш.
- ! Шыдамды әрі сабырлы бол. Егер біз тапсырманы бірден орындай алмасақ, бізге ұрыспа, айғайлама.



- ! Саған да, бізге де шулаған кезде үйрену ұнамайды. Берілген тапсырманы тыныш, таныс жерде ойдағыдай орындауға болады.





Біздің жетістіктерімізді мадақтауды ұмытпа. Тіпті тәтті дәмдімен еркелетуіңе де болады.



Асыранды жануарыңды күтуге, тәрбиелеуге фелинологтар мен кинологтар жәрдемдеседі. Мысықтың иесі қай маманға жүгінгені жөн, ал иттердің иесі ше? Тауып көр.

КӨМЕК

«Фелинус» — латын сөзі, «мысық» деген ұғымды білдіреді.

«Кинос» — латын сөзі, яғни «ит».



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Жақсы қожайын өзінің жануарына маңызды ережелерді міндетті түрде үйретуі қажет. Сонда адам мен хайуанның арасында түсіністік орнайды.

АСЫРАНДЫ ЖАНУАРМЕН ҚАНДАЙ ОЙЫНДАР ОЙНАУҒА БОЛАДЫ?



Кішкентай балалар мен хайуанаттардың балаларының ойындары ұқсас болатыны байқалған. Ұқсас ойындар бейнеленген суреттерді сәйкестендір.





Зерттеулердің көрсетуінше, үйінде асыранды жануары бар адамдар өмірде белсенді болады, әрі сирек ауырады. Фотосуреттерді қара, неге екенін түсіндір.



ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР:

- Күшігіңді ертіп таңертең ата- анаңмен жүгіруге шық. Бұл оған және саған денсаулық пен жақсы көңіл күй сыйлайды.
- Күшігіңмен немесе мысығыңмен жасырынбақ ойна. Оның ойыншығын жасыр, не өзің жасырынып қал. Сенің досың сені іздесін.
- Сабақ қарағанда, кітап оқығанда не кино көргенде аздаған үзіліс жаса. Осы кезде жануарыңмен қуаласпақ ойна! Кім шапшаң?

Асыранды жануарлардың сенікі секілді өз ойыншықтары болуы тиіс. Үйде ешкім жоқта не сен бос болмаған кезде, олар өздері ойнауы мүмкін.



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Асыранды жануар біздің өмірімізге қуаныш сыйлап қана қоймай, денсаулығымызды сақтауға, көңіл күйімізді көтеруге, көбірек қозғалуға көмектеседі.

БЕЙТАНЫС ИТТЕР МЕН МЫСЫҚТАРҒА ЖОЛЫҒЫП ҚАЛҒАНДА ӨЗІңДІ ҚАЛАЙ ҰСТАҒАН ЖӨН?

Егер ит не мысық саған мейірімді, көңілді болып көрінсе де оны сипалауға асықпа. Егер оның иесі болса, одан рұқсат сұра. Жануарды қорқытып алмау үшін шалт қимыл жасама.



Суретке қара және «Алғашқы кездесу» тақырыбына әңгіме құра.



Егер ит немесе мысық жалғыз болса, оған тиіспе, сен оның мінезі мен көңіл күйін білмейсің. Жануар тамағын жеп жатқанда ешқашан мазалама.



Қалай ойлайсың, сәбиі бар ананы неге мазалауға болмайды?



Егер бейтаныс ит кездескен жағдайда ашулы болса, оны таяқпен қорқытпа, айғайлама, жүгірме. Шалт қимыл жасамауға тырыс, орнында тұра бер де, өтіп бара жатқан ересектерден көмек сұра.



Балалар өздерін дұрыс ұстай ма? Оның бұл әрекеті неге әкелуі мүмкін? Сурет бойынша әңгіме құра.





«Бейтаныс хайуанаттармен кездескенде өзіңді қалай ұстау керек» деген арнайы жадынаманың суретін сал.



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Адам өзінің асыранды жануарының әрекетіне жауап беруі тиіс. Егер адам өзін дұрыс ұстамаса, хайуанат ашулана бастайды.

ДЕНІҢ САУ БОЛСЫН, СҮЙКІМДІ ЖАНУАР!



БҰЛ ТАРАУДЫ ОҚУ АРҚЫЛЫ СЕН МЫНАНЫ БІЛЕСІҢ

- Асыранды жануарыңның ауырып қалғанын қалай білуге болады?
- Қандай жағдайда ветеринарлық клиникаға қаралу керек?
- Екпе не үшін керек?

СӨЗДІК

ГИГИЕНА — түрлі аурулардың алдын алу үшін оларды зерттейтін және шара қолданатын ғылым.

ЕКПЕ — адамға не жануарға ағзадағы ауру қоздырғышына қарсы тұру әрекетін арттыратын арнайы препаратты енгізу.

ВЕТЕРИНАР ДӘРІГЕР — жануарларды емдейтін маман.



БҰЛ ТАРАУДА ӨЗІҢДІ КӨБІРЕК НЕ ҚЫЗЫҚТЫРҒАНЫН ЖАЗ
НЕМЕСЕ СУРЕТІН САЛ

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ



Сен өзінді қалай сезінесің? Жақсы? Яғни сенің көңіл күйің жақсы, сен сергек әрі белсендісің, тәбетің өте жақсы! Ал егер ауырып қалсаң, қозғалғың да, ойнағың да келмейді, тәбетің жоқ, ұйқы баса береді.



Жануардың жағдайын қалай анықтауға болады? Бұл жануардың қайсысы сау? Қайсысы ауырып тұр?



Адамда қандай дене температурасы болса, қалыпты жағдай болатынын есіңе түсір.



Біздің қалыпты дене температурамыз анағұрлым жоғары болып саналады.



Сенің мұрныңнан су ақса, аурудың белгісі, ал біз үшін сау екеніміздің белгісі. Ал құрғақ ыстық мұрын- аурудың белгісі.





Адамда ауру белгісі бар суреттерді көк сызықпен белгіле. Қоңырмен – жануарларды. Қызылмен – адамға да, жануарға да тән белгілерді.

38,5° - тен жоғары температура

37–38° температура

Көзден жас ағу

Мұрыннан су ағу

Мұңды көздер

Жарқын көздер

Сергектік

Тамақтан, судан бас тарту

Құрғақ мұрын

Жақсы тәбет

Тамақ ішкісі келмеу

Әлсіздік, ұйқышылдық



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Ит не мысық өзін нашар сезінсе, тырнап немесе тістеп алуы мүмкін. Ондай кезде оларға жолауға болмайды. Мұндайда ата-анаңа ескерт, көмектесуін сұра.

ВЕТЕРИНАР ЖӘРДЕМДЕСЕДІ

Асыранды жануардың ауырғаны туралы алғашқы белгілерінде – ақ, хайуанаттарды емдейтін ветеринарға көрсету керек.



Ветеринар дәрігер барлық жерде қажет!



🐾 Клиникаға



🐾 Панажайға



🐾 Жануарлар фермасына



🐾 Хайуанаттар паркіне



🐾 Питомникке



Қалай ойлайсың, ветеринар дәрігердің қандай қасиеттері болу керек? Ал қандай қасиеттер жақсы дәрігер болуға кедергі жасайды? Ветеринар дәрігердің суретін сал.




«Дәрігер адамды, ал ветеринар адамзатты емдейді» дегенді сен қалай түсінесің?



МЕН ЕКПЕДЕН ҚОРЫҚПАЙМЫН!

Сен екпе жасаттың ба? Сен білесің бе, ол не үшін керек? Әрине, сен ауырып қалмау үшін. Бізге, хайуанаттарға да ауырып қалмау үшін екпе жасату керек! Біз екпеден мүлде қорықпаймыз! Жыл сайын қожайынымызбен клиникаға барып, екпе аламыз!




Егер жануар көшеге шықпаса, екпесіз де жүруге бола ма, қалай ойлайсың? Жоқ! Қожайынымыз да киімдерімен ауру қоздырғыштарын әкелуі мүмкін.





Бізді екпе қанша аурудан қорғайтынын білгің келе ме? Онда мына жерге жиналған бульдогтарды санасаң білетін боласың. Айтпақшы, иттердің басқа тұқымдарын атап бере аласың ба?



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Екпе жануарларды аурудан қорғайды. Жыл сайын қожайыны өз жануарына екпе жасатуы тиіс.

АУРУДАН ҚАЛАЙ САҚТАНУ КЕРЕК?



Мысықтар мен иттердің көптеген аурулары адамдарға қауіпті емес. Бірақ жануарлардан адамға жұғатын түрлері де бар. Ауру жұқтырып алмас үшін, жеке гигиенаны сақтау маңызды.



Ережені оқы және толықтыр. Жануарлармен қауіпсіз қарым-қатынас жасау үшін, тағы қандай ережелерді білесің?



Жануармен ойнаған соң, міндетті түрде _____ жуындыр.



Ешқашан тамақ жеп жүріп, _____ ойнама.



Көшеде _____ жануарды сипалауға болмайды.



Асыранды жануардың тамақ пен су ішетін _____ болуы керек.





Кейде тіпті үй жануары тырнап не тістеп алуы мүмкін. Бұл аяқ астынан, кейде ойнағанда болады. Мүмкін, қожайыны назар аудармағанда, бір жерін ауыртқанда немесе қорқытқанда.



Фотосуретке қарап, мұндай жағдайда не істеуге болатынын айт.



Ал егер панасыз не бейтаныс жануар тістеп не тырнап алса ше? Онда бірден ата- анаңа ескертіп, дәрігерге қаралу керек.





Үйсіз жануарларға да ветеринардың көмегі керек болуы мүмкін. Егер көшеде ауыр жағдайға тап болған жануарды көрсең, не істер едің? Суретті қара да, әңгіме құра.



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Адам өз денсаулығына да, жануарының денсаулығына да жауап береді. Асыранды жануары бар адам гигиена ережелерін сақтап, оған профилактикалық екпе салдырып, аурудың алғашқы белгілерінен бастап ветеринар дәрігерге қаратуы маңызды.

БІЗ ЕКЕУМІЗ — ДОСПЫЗ!



БҰЛ ТАРАУДАН СЕНІҢ БІЛЕТІНІҢ

- Ит пен мысықтар басты кейіпкерлері болатын суреттер, сәулет ескерткіштері, кітаптар мен музыкалық шығармалар туралы.
- Тарихта қалған иттер мен мысықтардың атауы туралы.
- Асыранды хайуанаттарға байланысты атаулы күндер.

СӨЗДІК

КЕЙІПКЕР — әдеби шығарма, фильм, сурет туындыларындағы кейіпкер.

ПОРТРЕТ — адамдар мен белгілі тұлғаның бейнесі салынған бейнелеу өнерінің жанры.

АНИМАЛИСТ — өз шығармаларында көбінесе жануарларды бейнелейтін суретші не мүсінші.



БҰЛ ТАРАУДЫ ОҚЫҒАНДА СЕНІ НЕ КӨБІРЕК ҚЫЗЫҚТЫРДЫ?

ИТ ПЕН МЫСЫҚ — СУРЕТШІЛЕРДІҢ КАРТИНАСЫНДА



Сені ерекше көрмеге шақырамыз. Мұнда сен кейіпкерлері ит пен мысықтар бейнеленген суреттер мен мүсіндермен таныса аласың.



Суреттердің аты жазылған табличкаларды орнына дұрыс қоюға көмектес.

Суретші
Чарльз Барбер



Мектепке

Суретші
Генриетта Роннер-Книп



Қорғаушы



Нақты
уақыт



Әлемге саяхат

БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ


- Генриетта Роннер-Книп — 30 жылдан астам тек мысықтардың суретін салған бельгиялық суретші. Оның үйінде өмір бойы асыранды жұмсақ мысықтар өмір сүрген.

Саған ең қызықты болған оқиғаның орны

Тек суретшілер ғана емес, мүсіншілер де асыранды жануарына ерекше көңіл бөлген. Әлемдегі түрлі қалалардың көшелерінде олардың құрметіне ескерткіштер қойылған.



Мына иттің тарихы туралы сен не білесің? Оған неге ескерткіш қойған? Ғаламтор желісінен ата-анаңның көмегімен ақпарат тап.



Қаласы

Хатико



Қаласы

Лайка



Қаласы

Балто



ҚҰЙРЫҚТЫЛАР МЕН МҰРТТЫЛАР ТУРАЛЫ КІТАПТАР

Ал енді иттер мен мысықтар кейіпкерлері болып табылатын кітаптарды есіңе түсір. Оларды ата.



Ит пен мысықтар туралы көптеген мақалдар мен мәтелдер бар. Сен оларды білесің бе? Мақалдың басы мен соңын біріктір.

Қазақ мақалы:

Кез келген ит қаппайды...

Орыс мақалы:

Ит — аула қожайыны, ал мысық — ...

Француз мақалы:

Жақсы мысық үлкен қызмет көрсетеді, ...

Орыс мақалы:

Мысықтың аяғы жұмсақ, ал тырнағы- ...

Ирландия мақалы:

... жақсы көрмейтін адамдардан сақтан.



... ит пен
мысықты.

...өткір.

...тышқанды.

...үреді.

...үйшікте.

МЯУ ЖӘНЕ ГАВ СТИЛІНДЕГІ МУЗЫКА

Ал енді музыка тыңдайық. Бізге әуенді музыка ұнайды, ал қатты, дауыстаған музыка жалықтырады. Біз кейде музыкалық шығарманың басты кейіпкері боламыз. Кәне, бірге тыңдайық! Ата-ананды шақыр, оларға міндетті түрде ұнайды!



Музыкалық шығарманың әуені туралы жаз

**Доменико Скарлатти
«Кошачья fuga»**

**«Мысықтар дуэті»
(Джоаккино Россини
авторлығымен)**

**«Ақ етікті мысықпен би»
(П. И. Чайковскийдің
«Ұйқыдағы ару»
балетінен)**

Мұңды

Нәзік

Салмақты

Салтанатты

Дөрекі

Құпия

Сергек

Көңілді



ИТ ПЕН МЫСЫҚТЫҢ ЖҰМЫСЫ

Біз, мысықтар мен иттер, тек қана үйдің сүйіктісі емеспіз. Біз еңбекті сүйеміз және еңбек етеміз. Иә — иә!

Мысықтар көптеген мұражайлар мен кітапханаларда өзінің негізгі мамандығы — тышқан аулаушы болып істейді. Олар бағалы жәдігерлерді зиянды кеміргіштен қорғайды.



Біз, иттер, керемет күзетшіміз. Біз полицияда жұмыс істейміз және жоғалғанды табуға көмектесеміз.

Иттер — жақсы бақташылар, олар адамға үлкен отарларды бағуға көмектеседі.




Иттер мен мысықтар ауру адамдарға да жәрдемдеседі. Мысалы, иттер — зағип жандардың сенімді көмекшісі.

БІЗДІҢ КҮНТІЗБЕМІЗ



Бізде, асыранды хайуанаттарда, өз мерекелік күндеріміз бар. Ол туралы ақпарат тап және «жұмсақ» күнтізбені толтыр.



Жануарларды қорғаудың бүкіл дүниежүзілік күні

Сен қалай ойлайсың, адам жануарды қалай қорғайды?

Үй жануарларының бүкіл дүниежүзілік күні

Сен қалай ойлайсың, адам жануарды қалай қорғайды?




Үйсіз жануарлардың бүкіл дүниежүзілік күні

Бұл мереке не үшін керек, қалай ойлайсың?

Мысықтардың бүкіл дүниежүзілік күні

Бұл мерекені қалай атап өтуді ұсынар едің?



МЫСЫҚТАР МЕН ИТТЕР — БАТЫРЛАР

Біздің арамызда, иттер мен мысықтарда адамдар бағалайтын батырлар да бар. Олардың кейбіреуін есіңе түсір.



Ит пен мысықтар ғарышты игеруге көмектесті. Екі итті дүниежүзі ғарышкерлері біледі. Оларды белгіле.



Ақтөс

Шарик

Белка

Стрелка

Ал мына ғарышкердің мысығының аты — **Фелисет**.

Көптеген елдерде сенбернар Барридің аты әйгілі. Ол Альпі тауларында қар құрсауында қалған адамдарды құтқарған.



Тюмень қаласындағы мысықтар скверінің ортасында 238 мысықтың ескерткіші бар. Олар екінші дүниежүзілік соғыста Ленинград блокадасында қалада қаптап кеткен егеуқұйрықтар мен тышқандардан нанды сақтап қалу үшін Сібір қаласынан апарылған.



Ата-анаңмен бірлесе отырып, мысық пен иттердің ерлігі туралы ақпарат тап. Олардың ерлігі туралы сурет сал.



БҰЛ МАҢЫЗДЫ

Асыранды хайуанаттар бізді емдейді, қорғайды, жаңалық ашуға көмектеседі. Біздің өміріміздегі үй жануарларының пайдасы туралы есіңнен шығарма.

АСЫРАНДЫ ЖАНУАРДЫҢ ҚОЖАЙЫНЫ БОЛУҒА ДАЯРСЫҢ БА?



Біз, міне, дәптердің соңғы бетіне келдік. Сен қайырымдылық пен сүйіспеншілік, қамқорлық, мейірім туралы ойлана бастадың, көп нәрсе білдің деп үміттенеміз.

Егер сенде асыранды жануар болса, сен оны жақсырық түсіне бастадың. Ал егер сенде жануар болмаса, оған қызыға бастадың. Тек есінде болсын: бұл — жауапты қадам. Қане, тағы тексеріп көрейік, сен бұған дайынсың ба?




Біздің сұрақтарымызды оқып шық. Егер сенің жауабың «иә» болса, онда дөңгелекті жасылмен боя.



- ☐ Сен маған күн сайын көңіл бөлуге дайынсың ба? Менімен ойнауға, қарым-қатынас жасауға?
- ☐ Мені тәрбиелеу керек. Сен оған шыдай аласың ба?
- ☐ Күн сайын мені тамақтандырып, тамақтан соң ыдысымды жууың керек. Мұны ұмытып кетпейсің бе?
- ☐ Серуеннен кейін (күніне 2–3 рет) менің аяқтарымды жууың керек. Істей аласың ба?
- ☐ Сен ата-анаңа менің жүнімді жуып, тарауға, жуындыруға көмектесе аласың ба?

- ☐ Менің жүнім таза әрі жұмсақ болу үшін, тарау керек. Сен мұны ұмытып кетпейсің бе?
- ☐ Мен өте тазамын және тек таза ыдыстан тамақтанғанды жақсы көремін. Сен оны үнемі жуа аласың ба?
- ☐ Мен ешкімге тәуелді емеспін, қайда барғым келсе, сонда барамын. Сен маған ашуланбайсың ба?
- ☐ Мен ұйықтағанда шалт қимылды, қатты дыбысты ұнатпаймын. Сен түсіністікпен қарай аласың ба?
- ☐ Мен көп қозғалғанды ұнатамын. Сен менімен ойнайсың ба немесе мен ойнағанда жанымда бола аласың ба?



Сенде неше жасыл дөңгелек болды? Оларды сана да, шешім қабылда, маған қожайын бола аласың ба?



**Біз сенімен қоштасқымыз келмейді!
Сондықтан кездескенше!**